

**ҚР Энергетика министрлігінің  
Отын-энергетикалық кешен мәселелері жөніндегі  
қоғамдық кеңес отырысының  
ХАТТАМАСЫ**

Астана қаласы

2024 жылғы 9 сәуір  
сағ. 15:30

Өткізу форматы: күндізгі/«Zoom» арқылы

Төрағалық еткен: Қоғамдық кеңестің төрағасы Б.К. Әуетаев

Қатысқандар: энергетика вице-министрі Е.Қ. Аққенженов, Қоғамдық кеңестің мүшелері (тізім бойынша), Министрліктің құрылымдық бөлімшелерінің өкілдері (тізім бойынша).

**1. Қазақстанның энергетикасын дамыту үшін Энергетикалық Хартия Шартының (ЭХШ) маңызы және Қазақстанның Энергетикалық Хартия процесіне қатысуы туралы**

(Е. Аққенженов)

1.1. Энергетика вице-министрі Е.Қ. Аққенженовтің Қазақстанның энергетикасын дамыту үшін Энергетикалық Хартия Шартының (ЭХШ) маңызы және Қазақстанның Энергетикалық Хартия процесіне қатысуы туралы ақпараты назарға алынсын.

**2. ҚР Энергетика министрлігінің ЕАЭО ортақ нарықтарын қалыптастыру жөніндегі жұмысы туралы**

(Е. Аққенженов)

2.1. Энергетика вице-министрі Е.Қ. Аққенженовтің ҚР Энергетика министрлігінің Еуразиялық одақтың (ЕАЭО) ортақ энергоресурстар нарықтарын қалыптастыру жөніндегі жұмысы туралы ақпараты назарға алынсын.

**3. Мұнай өнімдерінің маусымдық тапшылығын болдырмау жөнінде қабылданып жатқан шаралар туралы – мұнай өнімдерін әділ және ашық бөлудің электрондық тетіктерін енгізу, мұнай өнімдерінің көтерме сауда нарығында делдалдарды (агенттерді) болдырмау**

(Е. Аққенженов)

3.1. Энергетика вице-министрі Е.Қ. Аққенженовтің мұнай өнімдерінің маусымдық тапшылығын болдырмау жөнінде қабылданып жатқан шаралар

туралы – мұнай өнімдерін әділ және ашық бөлудің электрондық тетіктерін енгізу, мұнай өнімдерінің көтерме сауда нарығында делдалдарды (агенттерді) болдырмау туралы ақпараты назарға алынсын.

#### **4. ҚР Энергетика министрлігінің 2023 жылғы даму жоспарының нысаналы индикаторларын орындау және 2024 жылға арналған жоспарлары туралы**

(Б. Мусинов)

4.1. Стратегиялық даму департаментінің директоры Б.Х. Мусиновтің ҚР Энергетика министрлігінің 2023 жылғы даму жоспарының нысаналы индикаторларын орындау және 2024 жылға арналған жоспарлары туралы ақпараты назарға алынсын.

**4.2. Стратегиялық даму департаменті және салалық департаменттер:**

- нысаналы индикаторларды қалыптастыру жұмысы кезінде 1991-2023 жылдары халықты газдандыру деңгейінің динамикасын пайдалану ұсынылсын (ГӨД);

- «Жер қойнауын пайдаланушылармен операциялар жүргізу кезінде елішілік құндылықтар үлесі» нысаналы индикаторы бойынша көрсеткішті ұлғайту мүмкіндігін қарастырсын (ЖҚПД);

- «Мұнай-газ-химия өнімдерін өндіру көлемі» нысаналы индикаторын 2 көрсеткішке: параксилолды ескере отырып және параксилолды ескерусіз (АМӨЗ жұмыс істеуінің отын нұсқасы) бөлу мәселесін қарастырсын (МТРД, МТӨД).

**Қоғамдық  
кеңестің төрағасы**



**Б. Әуетаев**